

"2016 - 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № 343 қаулысы

2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «2016 – 2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 қаулысына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 42-қосымша:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 6-1, 6-2, 6-3, 6-4, 6-5, 6-6-жолдармен толықтырылсын:

«

6-1	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу жөніндегі көрсетілетін қызметтер	Техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі - ТжКБ) мамандықтары бойынша халықаралық тәжірибе негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеу және «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ оқу орындарының және «100 қадам – Ұлт жоспарын» іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес 10 колледждің, сондай-ақ ТжКБ-ның сұранысқа ие мамандықтары бойынша ТжКБ-ның басқа да оқу орындарының білім беру қызметіне білім беру бағдарламаларын енгізу. 2012-2015 жылдары «Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ әзірлеген білім беру бағдарламаларын республиканың ТжКБ оқу орындарына енгізу	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ	203 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету», 110 «Халықаралық тәжірибе негізінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бойынша қызметтер»	313 599
	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ желісіне енетін	Экономиканың жоғары білікті кадрларға деген сұранысын қанағаттандыру үшін стратегиялық			203 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету»,	

6-2	ТЖКБ оқу орындарында оқыту курстарын ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу	әріптестермен бірлесіп, үздік әлемдік практикаға сәйкес Arcs Petrotechnic жоғары техникалық мектебінде студенттерді оқыту курсын ұйымдастыру және әдістемелік сүйемелдеу	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	« Кәсіпқор » холдингі » КЕАҚ	1 1 0 « Халықаралық тәжірибе негізінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бойынша қызметтер»	3 962837
6-3	Қолданыстағы үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын өзектілендіру бойынша көрсетілетін қызметтер	«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жаңа редакциясында жазылған талаптарға және « Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысына сәйкес еңбек нарығында білікті кадрларға деген сұраныс пен ұсыныс арасындағы айырмашылықты жою мақсатында ТЖКБ мазмұнын жұмыс берушілердің заманауи талабына сәйкес келтіру арқылы қолданыстағы үлгілік оқу жоспарлары мен білім беру бағдарламаларын өзектілендіру	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	« Кәсіпқор » холдингі » КЕАҚ	203 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету», 1 1 0 « Халықаралық тәжірибе негізінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бойынша қызметтер»	188 883
6-4	ТЖКБ-ны жаңғырту процесінде Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің қызметін ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу: қолданбалы бакалавриатты енгізу	Теориялық дайындық пен өндірісте жұмыс істеудің практикалық дағдыларын меңгеруді қамтамасыз ететін ЖОО мен колледждің кәсіптік бағдарламаларының интеграциясын қамтамасыз ету үшін қолданбалы бакалавриат	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	« Кәсіпқор » холдингі » КЕАҚ	203 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету», 1 1 0 « Халықаралық тәжірибе негізінде техникалық және кәсіптік білім	50 013

		бағдарламаларын енгізу бойынша ұсынымдар әзірлеу			беру жүйесін дамыту бойынша қызметтер»	
6-5	WorldSkills ұйымының талаптарын ескере отырып, халықаралық деңгейде кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыру және өткізу	Қазақстан ұлттық құрамасының Швецияда, Гетеборг қаласындағы WorldSkills Europe халықаралық чемпионатына қатысуы үшін Ұлттық оператордың WorldSkills Қазақстан ұлттық чемпионатын ұйымдастыруы және өткізуі, WorldSkills International халықаралық қауымдастығына жыл сайын мүшелік жарна төлеу	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ	203 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету», 1 1 0 «Халықаралық тәжірибе негізінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бойынша қызметтер»	121 258
6-6	ТжКБ жүйесі үшін шетелдік оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттерді аудару және бейімдеу бойынша көрсетілетін қызметтер	Республика колледждерінің кітапханаларын жинақтау үшін жағдай жасау мақсатында шетелдік оқулықтар мен оқу-әдістемелік әдебиеттердің аудармасын ұйымдастыру	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ	203 «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрлармен қамтамасыз ету», 1 1 0 «Халықаралық тәжірибе негізінде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту бойынша қызметтер»	317 275

»;

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 22-1-жолмен толықтырылсын:

«

22-1	Халықаралық талаптар бойынша ТжКБ ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлері мен басшыларының біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу	Жаңа үлгідегі педагогті қалыптастырудың инновациялық тәсілдері негізінде ТжКБ ұйымдарының инженерлік-педагогикалық қызметкерлері мен басшыларының біліктілігін арттыру	Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі	«Кәсіпқор» холдингі» КЕАҚ	2 2 3 «Техникалық және кәсіптік білім беру мемлекеттік ұйымдары кадрларының біліктілігін арттыру және қайта даярлау»	288 897
------	--	--	--	---------------------------	--	---------

».

2. Осы қаулы 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К.Мәсімов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК